

# Жаңалықтар дайджесі

2023.13.03-26.03



# Сенаторлар Қазақстанның 2023 жылға арналған бюджетіне енгізілген түзетулерді қабылдады

Дереккөз: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/popravki-v-byudjet-kazahstana-na-2023-god-prinyali-senatoryi-493760/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/popravki-v-byudjet-kazahstana-na-2023-god-prinyali-senatoryi-493760/)


Дереккөз: ҚР ҚМ, ҚР ҰӘМ, Jusan Analytics есептеулері



## Бюджеттің кірістері

24 087.7 млрд теңге

(бастапқы бюджетте 22 308.3 млрд теңге)



## Бюджеттің шығысы

27 296.2 млрд теңге

(бастапқы бюджетте 25 437.7 млрд теңге)



## Бюджет тапшылығы

-3 208.6 млрд теңге

(бастапқы бюджетте -3 129.4 млрд теңге)




## Клара Сейдахметова

Талдаушы


“ Сенатта 2023 жылдың бюджетіне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды. Нақтыланған бюджетке сәйкес мемлекеттік бюджеттің кірістік бөлігі 1.7 трлн теңгеге өсу жағына қарай қайта қаралды. Бұл сома салықтық бөліктің 900 млрд жуық теңгеге өсуімен және Ұлттық қордан түсетін трансферттердің 800 млрд теңгеге қосымша көбеюімен қамтамасыз етіледі. Осы ретте шығыстық бөлік 2 трлн жуық теңгеге артады. Бюджеттік ақшалар әлеуметтік салаға қолдау көрсетуге, ауыл шаруашылығы мен нақты секторды дамытуға, ауылдық жерлерде денсаулық сақтау мекемелерін жаңғырту бойынша ұлттық жобаны жүзеге асыруға және т.б. жұмсалмақ. Бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің бірдей дерлік өсуі нәтижесінде жоспарланған тапшылық 3 трлн теңге немесе ЖІӨ-нің 2.7%-ы деңгейінде сақталады.

Қазақстан үшін бюджетті қайта қарау – экономиканы мемлекет тарапынан ынталандыруды кеңейте түсуді білдіреді. Бұл оның дамуына оң әсер етеді. Біз егер тосын оқиғалар болмаса, 2023 жылдың қорытындысы бойынша экономика өсімінің болжамдалған ауқымы 3.8-4.3%-дан 4.0-4.5%-ға дейін өзгереді деп қайта қарадық ”

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері



# Қаржы секторының 2023.27.03 қарасты жай-күйі



**Сунгат Рысбек**

Талдаушы

“ 19 наурызда **UBS Credit Suisse-тің барлық акцияларын бағасын 0.5 швейцариялық франктен сатып алуға келісті.** SVB банкротқа ұшыраған соң, халық арасындағы үрей АҚШ пен Еуропаның бүкіл банк секторына деген сенімнің төмендеуіне әкеп соқты. Бұл бірінші кезекте Credit Suisse-ке әсер етті. Ол 14 наурызда 2022 жылдың есебін жариялады. Онда банктің қаржылық есептілікке бақылау жүргізуде «елеулі кемшіліктерді» анықтағаны және клиенттердің кетуін тоқтата алмай жатқаны айтылған. Кейін негізгі акционер банкті қосымша капиталдандырудан бас тартқан соң, акцияларының бағасы 23.7%-ға түсті.

**АҚШ ФРЖ 22 наурызда негізгі мөлшерлемені 25 базалық пунктке (6 п.) көтеріп, 5.00%-ға жеткізді.** Жалпы бастапқы кезде оның өкілдері өздерінің мәлімдемелерінде негізгі мөлшерлемені 50 б.п.-ке көтеру мүмкіндігі туралы белгі берген еді. Алайда ФРЖ мөлшерлемені тек 25 б.п.-ке ғана көтеруді ұйғарды. Өйткені ол ғаламдық банк секторында қауіп-қатерлер ұлғайып, рецессияға айналып кете ме деп қауіптенеді. Бұл ретте баспасөз мәлімдемесінде АҚШ-тың банк жүйесі сенімді және орнықты екендігі айтылған. Комитеттің болжауынша уақыт өте келе инфляцияны 2% деңгейіне келтіру үшін саясатты қосымша қатаңдату керек шығар.

АҚШ ФРЖ-сынан кейін 23 наурызда **Англия Банкі базалық пайыздық мөлшерлемені 50 б.п.-ке көтеріп, 4%-ға жеткізді.** Орталық Банктің (ОБ) мұндай шешім қабылдауы күтілген еді. Өйткені содан бір күн бұрын, Ұлыбританияның Ұлттық статистика бюросы инфляция бойынша тың деректерді жариялады. Ақпанның қорытындысы бойынша елде инфляция 10.4%-ға дейін өсті. Ал бұған дейін ол бірнеше ай бойы төмендеп келген болатын.

Жұма күні **Deutsche Bank акциялары 8.53%-ға түсіп кетті.** Олардың бұлайша күрт құлдырауына Deutsche Bank-тің несие-дефолт своптары бағасының **220 б.п.-тен** жоғары көтерілуі себеп болды. Ал бұл 2018 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. CDS-тің бір күндік рекордтық өсуі үрей туғызып, басқа банктердің акцияларының бағасына әсер етті: Commerzbank акциялары 5.45%-ға, Societe Generale-дің акциялары - 6.13%-ға төмендеді.


Дүйсенбі күні **First Citizens BancShares Inc.-тің банкротқа ұшыраған Silicon Valley Bank-ті сатып алатындығы белгілі болды.** Мәміле бойынша SVB активтерін шамамен 72 млрд долларға сатып алу болжамдалған. Бұл жерде дисконт 16.5 млрд доллар. Сонымен қатар First Citizens өзіне жалпы сомасы 56 млрд доллар болатын депозиттерге қызмет көрсету міндеттемесін алады.

Бұл ретте АҚШ билігі шұғыл несие беру бағдарламасын кеңейту мүмкіндігін қарастыруда. Ол бойынша банктерге қосымша көмек көрсетіледі. Осы арада депозиттердің ұсақ және орташа банктерден ірі банктерге аударылып жатқаны байқалады. Ұсақ және орташа банктерге жеңілдікпен берілетін несиелер оларға салымшылар арасындағы үрейді еңсеруге және нарықты қалпына келтіруге көмектеседі.

Жалпы мөлшерлемелерді көтерудің басты себебі – сол баяғы инфляциямен күрес. Алайда енді банк дағдарысына жол бермеу - наурыздың орта шенінен бастап басты мәселеге айналды. SVB-ның банкротқа ұшырауы Швейцарияның ең ірі Credit Suisse банкінің жұтылуына сөзсіз әсер етті. Ал нарықта басталған үрей АҚШ ФРЖ-сына саясатын жұмсартуға мәжбүрледі. Осылайша АҚШ ФРЖ-сы дилеммаға тап болды: инфляциямен күресе беру керек пе әлде қаржылық тұрақтылықты сақтаған дұрыс па? Банктердің банкротқа ұшырауына жол бермеу және олардың өтімділігіне қолдау көрсету үшін Орталық Банктің оларға қосымша қаражат бөліп жатқанын ескерсек, біздің болжам бойынша бұл мәселе қысқа мерзім ішінде шешіледі, ал кейін ОБ негізгі мөлшерлемені көтеру циклын жалғастырады.”



# Ақпанда депозиттер көлемі 796 млрд теңгеге қысқарды



## Сунгат Рысбек

Талдаушы

“ Ақпан айында салымшылардың өз депозиттерінен ақша алуы жалғасты. Алынған ақшаның көлемі 796 млрд теңгеге қысқарып, 29.8 трлн теңгені құрады. Бұл жерде заңды тұлғалардың салымдары айтарлықтай азайды (-778.8 млрд теңге), ал жеке тұлғалардың салымдарынан алған ақшалары 17.5 млрд теңгені құрады. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, жеке тұлғалардың ашып жатқан салымдарының көлемі де ұлғаюда (+178.7 млрд теңге). Соның арқасында жеке салымдардың жаппай алынуына жол берілмеді.

Валюталық салымдар негізінен бағамдық қайта бағалау және теңгенің нығаюына байланысты қысқаруда. Бұл өрине, ақшаның валюталық салымдардан теңгелік салымдарға аударылуына септігін тигізді. Жеке тұлғалардың теңгелік салымдарының көбеюін сондай-ақ мемлекет тарапынан төленетін өтемақыға да байланыстыруға болады.


Базалық мөлшерлеме сақталғанымен, заңды тұлғалардың салымдары алынып жатыр. Демек бұл қандай да бір мәселенің бар екендігін білдіреді. Мысалы, бұған корпоративтік сектордағы табыстың азаюы себеп болуы әбден мүмкін немесе заңды тұлғалар ақшаны депозитте сақтағаннан көрі, қысқа және орта мерзімді облигацияларды сатып алғанды жөн санайды. ”



# Екі ай ішінде бөлшек сауда көлемі 2.2 трлн теңгеге жетті

Дереккөз: <https://kapital.kz/economic/113885/ob-yem-roznichnoy-torgovli-za-dva-mesyatsa-dostig-2-2-trln-tenge.html>

## Ішкі сауда көрсеткіштері



**Айжан Алибекова**

Талдаушы

“ 2023 жылдың ақпанының қорытындысы бойынша бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі +20.8%-дан 12.9%-ға төмендеді. Алайда бұл көрсеткіштер бұған дейінгі – 2022 жылдың соңындағы статистикадан едәуір жоғары. Мұны қаңтар оқиғасына байланысты сауда секторы белсенділігінің әлсіреуі аясында 2022 жылдың басында базаның төмен болғандығымен түсіндіруге болады. Көтерме сауданың ішкі нарығының көрсеткіші де осындай.


Ішкі сауда құрылымындағы ахуалды бөлек атап өтуге болады. 2023 жылдың қаңтар-ақпанында азық-түлік тауарларының сауда көлемінің өсуі азық-түліктің өсу қарқынан да төмен болды. Бұған қарап, азық-түлік тауарларының көлемі азаюда немесе басқа да қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты оларды тұтыну сапасы төмендеп жатыр деп тұжырым жасауға болады.

Ресми статистика деректері бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішкі саудасының құрылымында автомобиль, киім-кешек, компьютерлер, шеткері жабдықтар және бағдарламалық жасақтамалар, сондай-ақ электрлік тұрмыстық аспаптарды сатып алу көлемі айтарлықтай артты. Тауарлардың бұл тобы бойынша тәуекелдер жоғары, өйткені оларға қатысты түпкілікті сатып алушылар жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға санкциялық шектеу қойылған көрші елдің азаматтары болып шығуы мүмкін. Осы жағдайға қарап отырып, бағалардың ұзақ уақыт өсуіне байланысты сатып алу қабілеті нашарлағандықтан, Қазақстан халқының тұтыну белсенділігі төмендеді деп болжам жасауға болады. ”

# Қазақстан бидайын экспорттау үшін Қытай мен Үндістан нарықтарының ашылғанын күтеді

Дереккөз: <https://informburo.kz/novosti/kazakhstan-ozidaet-otkrytiya-kitaya-i-irana-dlya-eksporta-psenicy>

## Бидай экспортының 2023 жылғы қаңтар-ақпандағы серпіні, мың тонна



### Абылай Асылхан

Талдаушы

“ Қазақстан АШМ мәлімдеуінше соңғы 10 жылда елімізде рекордтық көлемде астық жиналды – 23 млн тонна дән мен дәнді бұршақ дақылдары (2021 жылмен салыстырғанда +27%). Бидай түсімі 30%-ға артты.


Қазақстан 2022 жылы рекордтық көлемде астық жинап, енді оны экспорттауда логистикалық қиындықтарға тап болды. Оған қоса Қазақстан үшін дәстүрлі Орталық Азия нарығына ресейлік астық келіп, бәсекелестік тудыруда. Қазақстанның солтүстік облыстарында үшінші класты бидай тікелей элеватордан тоннасы 114-117 мың теңгеден сатылып жатса, ресейлік бидай тоннасы 95 мың теңгеден сатылуда.

Қазіргі уақытта ҚР Астық одағы мен Қытайдың уәкілетті органдары қазақстандық дәнді дақылдарды Аспан асты еліне жеткізуді арттыру мәселесін қарастырып жатыр. 2023 жылдың алғашқы 2 айында Қазақстан 7 мың тонна астықты экспорттап үлгерді. Негізгі кедергілер – астық таситын көлікпен тасымалдаудың мүмкін еместігі, ал контейнерлік тасымал өте қымбат. Логистикаға қатысты мәселе шешілер болса, Астық одағы өкілдерінің айтуынша Қазақстан Қытайға бір маусымда 1 млн тоннадан астам астықты сата алады. ”

# Қазақстанда қанша тұрғын үй қолданысқа берілді

Дереккөз: <https://krisha.kz/content/news/2023/skol-ko-zhil-ya-vveli-v-kazahstane>

## Тұрғын үйлерді пайдалануға беру, мың м<sup>2</sup>



### Гульназ Алдибекова

Аналитик

“ Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес ағымдағы жылдың екі айының қорытындысы бойынша жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22%-ға өсті. Бұл ретте тұрғын үйлердің ең көп шаршы метрі Алматыда (423.5 мың шаршы м.), Астанада (424.8 мың шаршы м.) және Ақтөбе облысында (134.7 мың шаршы м.) берілді.

Индустрия министрлігінің ресми деректеріне сәйкес 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі 15.3 млн шаршы метрге қысқарады. Бұлай болжам жасауға құрылыс салу бағасының қымбаттағаны (2023 жылдың ақпанында 172.3 мың теңгені құрады, бұл 2022 жылдың ақпанына қарағанда 25%-ға жоғары), инженерлік инфрақұрылымдардың жетіспеуі, кейбір құрылыс салушы компаниялардың банкротқа ұшырауы негіз болды.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында елімізде тұрғын үй құрылысы мен ипотекалық несие беру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды енгізу жалғаса бермек.”



**Авторлар:** Айжан Алибекова, Абылай Асылхан, Гульназ Алдибекова, Клара Сейдахметова, Сұңғат Рысбек

**Жауапкершілікті шектеу:**

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.  
analytics@jusan.kz